

# Еңбегі ерге бергісіз

Нардың жүгін арқалаған нәзік жанды —  
Жанат Байболатова жайлы

**Ауданымыздың өркендеуіне өз үлесін қосып, халқымыздың әл-ауқатын арттыруына септігін тігізіп жүрген жандар аразымызда жетерлік.**

Әсіресе бүгінгі таңда нәзік жандылардың орны бөлек. Жұмысында білікті маман, перзенттеріне аналық мейірім сыйлап, отбасының түтінін түзу ұшырған жанның бірі әрі бірегейі — Жанат Байболатова.

Жанат Тілеукабылқызын зор еңбектің арқасында аудан жұртшылығы жақсы танып, ерекше құрметтейді. Оның еңбек жолындағы керуені жылжыған сайын, тұлғалығы биіктегені ешкімге жасырын емес. Мектеп қабырғасында білімді, алғыр, ізденімпаз бола білген бала Жанат, бүгінде өз ісінің қыр-сырын жақсы игерген нағыз маман, ұжым жетістігінің кепіліне айналған білікті башы.

Ол ауданымыздың төл тумасы, Жангелді орта мектебінде білім нәрімен сусындап, 1986 жылы мектепті «Күміс» медальмен аяқтаған көрінеді. Мектепті аяқтай сала асқақ арманы мен айқын мақсаты жетелеп, Қостанай ауыл шаруашылық институтына оқуға түскен екен. Студенттік шағында да өзін жақсы қырынан таныта біліп, экономика саласының маманы атанды.



Аталмыш білім ордасын үздік аяқтап, үлкен өмірге қадам басты.

2003 жылдан бері мемлекеттік қызметте талапты еңбекпен ұштастырып, жемісі мен жеңісіне қанағатпен қарап келеді. Халықтың игілігі үшін қызмет жасап, қазіргі таңда халқының шексіз ризашылығына бөленіп отыр. Өз ісінің сырын жақсы игерген Жанат Байболатова талай жылдар Алешин ауылдық округінің әкімі болып еңбек етті. Туған жерінің игілігі үшін адал еңбек еткен іскер маманның, көптің көңілінен шығатын істері талайға үлгі болды.

Бүгінде Жанат Байболатова Меңдіқара аудандық мәслихатының хатшысы ретінде жаңа қызметке

тағайындалды. Жаңа жұмыс орнында жаңа белестерді бағындырып, ауданымыздың өсіп-өнуі үшін адал еңбек атқаруға дайын екендігін де аңғардық. Бойындағы күш-жігері мен еңбекке деген сүйіспеншілігінің арқасында талай шыңдарды бағындыратынына сеніміміз де мол.

— Мемлекеттік қызмет — жауапкершілік пен табандылықты талап ететіні ешкімге жасырын емес. Әркез халыққа жақын, халықтың тұрмыс-тіршілігімен таныс болуға тырыстым. Жұмысымды қашанда басты орынға қойып, жауапкершілікті сезіне білдім десем артық айтпаған болармын. Бүгінде жаңа қызметке тағайындалып, білек

сыбана жұмысқа кірістік. Алға қойған мақсатты орындап, ел сенімін ақтауға тырысамын. Үміт артқан, сенім білдірген халқыма ризашылығым шексіз, — дейді мәслихат хатшысы.

Әңгімемізге арқау болып, көпке үлгі көрсете білген нәзік жанды Жанат Тілеукабылқызының бүгінгі жетістігі ата-анасының берген ақылы мен тәрбиесінің арқасында шығар. Әкесі әркез қызына демеу болып, қызының дұрыс қадам басуына ықпалын тигізген көрінеді. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген жақсы сөз осыдан шықса керек.

Бойында батылдығы мен қайсарлығы мол Жанат Байболатова сан жылдар бойы мойнына жүктелген міндетті мінсіз атқарып келеді. Қиын еңбектің жүгін арқалап еңбек атқарса да, отбасын еш уақытта ұмытпаған жан. Қызғалдақтай қос қызына жақсы тәрбие беріп, аналық мейірімін сыйлап келеді. Бүгінде қыздары да аналарының жолын қуып, өз істерінің майталмандарына айналды. Кейіпкеріміздің қорғаушысы да, қолдаушысы да отбасы екенін түсінді.

Өз саласының жұмысын ұршықтай иіре біліп, ауданымыздың көркеюіне толассыз үлес қосып жүрген кейіпкеріме сәттілік, талай табыстар тілеймін.

**Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ**